"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОКО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2846

23.05.2018ж.

«NN&Co» ЖК-нің директоры
Н.Сапарбаеваға

Сіздің 02.05.2018 жылғы №12814 өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылау бойынша «Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2018 жылдың 1 қаңтарында веб-порталға жарияланған *№2171142-1 «Манап Өтебаев атындағы жоғарғы жаңа технологиялар колледжін материалдық техникалық жарақтандыру»* хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Заңның 9 бабы 4 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген.

Камералдық бақылау барысында конкурстық комиссия Сіздің конурстық өтініміңізді №15821125-ОК1 лоты бойынша Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай негізсіз шеттетілгендігі анықтады. Осыған сай, ұйымдастырушы мекемеге орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлай отырып №15821125-ОК1 лоты бойынша хабарлама жолданды.

Сонымен қатар, №15822561-ОК1 лоты бойынша Сіздің конкурстық өтініміңізде ұсынған техникалық ерекшелікте өндіруші ел ретінде «Украина» деп